

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелерін

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 18 қыркүйек N 1031. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1134 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитет таратылсын.

3. Агенттік төрағасының үш орынбасары болуына рұқсат етілсін. <*>
Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.11. N 1192 қаулысымен .

4. Агенттікті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Агенттікке берілетін штат санының шегуінде қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.

5-1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің қарауында "Электрондық коммерция орталығы" республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы б а р .

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.13. N 1262 қаулысымен .

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 қыркүйектегі

№ 1031 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу
жөніндегі агенттігі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) басқаруды және заңнамада көзделген шектерде арнайы атқарушылық және рұқсат етуші функцияларын, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу процесін салааралық үйлестіруі жүзеге асыратын Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банкілерде шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттік, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттіктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Агенттіктің заңды мекен-жайы:
473000, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Әуезов көшесі, 126.

6. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Агенттіктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Агенттіктің өзінің функциялары болып табылатын міндеттерін орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Агенттікке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік сатып алу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту;

3) мемлекеттік сатып алу процестерін үйлестіру және оның мониторингі;

4) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

10. Агенттік заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды:

1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуі және іске асыруды қамтамасыз етуді;

2) мемлекеттік сатып алу процестерін үйлестіруді және оның мониторингін;

3) мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қорытуды және әзірлеуді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауды;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды;

5) мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі есептіліктің нысанын, оны жасау мен табыс етудің тәртібін әзірлеуді;

6) мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша конкурстарды ұйымдастырушыларға әдістемелік материалдарды, үлгілік конкурстық құжаттаманы әзірлеуді және бекітуді, консультациялық көмек көрсетуді;

7) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлеміне талдау жасауды;

8) өзіне заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Агенттіктің алдына қойылған міндеттерді шешу және функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыреті шегінде тапсырыс берушілерден жоспарланып отырған, жүзеге асырылып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы есептілікті, оның ішінде мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын сатып алу туралы есептілікті, ақпаратты және материалдарды сұратуға және алуға;

- 2) ұсынылған есептік деректердің дұрыстығын тексеруге;
- 3) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік сатып алуды, ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері жөнінде тапсырыс берушілер орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;
- 4) мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырылуы мен оның жүргізілуіне бақылау жасауға;
- 5) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқанға дейін конкурстарды ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілер мен конкурстық комиссиялардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып қабылданған шешімдерін қайта қарау немесе олардың күшін жою жөнінде шешімдерді қабылдауға;
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану жөнінде соттарға талап-арыз беруге;
- 7) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін тартуға;
- 8) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Агенттіктің мүлкі

12. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

13. Агенттік мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады, сондай-ақ құны Агенттіктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамалық кесімдермен өзгеше көзделмесе, өз бетімен оқшаулауға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Агенттік Төрағасының, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Агенттіктің төрағасы Агенттіктің жұмысын ұйымдастыру әрі оған басшылық етеді және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

1) Агенттіктің құрылымын және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

- 2) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;
- 3) заңнамаға сәйкес Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіппен Агенттіктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;
- 5) бұйрықтарға қол қояды;
- б) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Агенттіктің мүдделерін білдіреді;
- 7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

19. Агенттік қабылдайтын шешімдер Агенттік Төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

20. Агенттік төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқа құрылады. Алқаның сандық және жеке құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

21. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 қыркүйектегі
N 1031 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қаңтардағы N 87 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 22-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қаңтардағы N 87 және 2001 жылғы 9 ақпандағы N 214 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 452 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 22, 276-құжат).

